ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

23 мамыр 2024 жыл іс № 3115-24-00-2/686 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Г.М.Тажиева
сот отырысының хатшысы А.Абсатова
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық көп бейінді ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Ақ жол» Қызбалаева Лаура Жанабергеновна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАП АРЫЗЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі С.Мукажанов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу негізінде «Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық көп бейінді ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнымен (бұдан әрі - талап қоюшы) «Ақ жол» Қызбалаева Лаура Жанабергеновна жеке кәсіпкері (бұдан әрі - жауапкер) арасында 12 қантар 2024 жылы №48 жалпы сомасы 2 312 000 теңге құрайтын келісім-шарт жасалған.

Шарт бойынша міндеттемелер 2024 жылдың 1 қантардан 2024 жылдың 31 желтоқсанға дейін тапсырыс берушінің өтінімі бойынша жеткізу қажет. 23 ақпан 2024 жылы тапсырыс берушінің өтінімі портал арқалы жолданған, алайда жауапкер өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған.

Талап қоюшы өз талап қоюында, мемлекеттік сатып алудың қорытындысы бойынша жауапкермен шартқа тұрғанын, алайда шарт міндеттерін тиісті түрде орындамағандықтан, оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Талап қоюшының өкілі С.Мукажанов талап қоюды қуаттап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланған, бірақ сотқа белгісіз себептермен келмеді, осыған байланысты сот жауапкердің келмеу себебін дәлелсіз деп танып, істі Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196 бабының 4 тармағына сай қарады.

Құжатқа қол қойылған: Тажиева Г. М., 31.05.2024
Заңды күшіне енген күні: 02.07.2024, судья Ажакаева Г. К., 04.07.2024
3115-24-3-1/720

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 4-тармағының 3-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамағандықтан жауапкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272 бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Сондықтан сот жауапкердің іс әрекетін өзіне алынған міндеттемені тиісті түрде орындамаған деп табады.

АҚ-нің 360 бабына сай, егер міндеттемеде кәсіпкердің тапсырысы бойынша әлдебір жұмысты орындау көзделсе, жұмыстың нәтижесін пайдаланудың мүмкін еместігі немесе оны пайдаланудың тиімсіз болу тәуекелі кәсіпкерге жүктеледі.

Іс материалдарымен анықталғандай, жауапкер өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған, жауапкермен шарт бойынша міндеттемені тиісті түрде орындаудың мүмкін еместігі туралы сотқа дәлелдер ұсынылмады.

Сондықтан, талап қоюшының жауапкер «Ақ жол» Қызбалаева Лаура Жанабергеновна жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 117 бабының 1-бөлігіне сәйкес жауапкерден мемлекет пайдасына 1 846 теңге сот шығындары өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

Ш Е Ш І М ЕТТІ:

Талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық көп бейінді ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны жауапкер «Ақ жол» Қызбалаева Лаура Жанабергеновна жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Ақ жол» Қызбалаева Лаура Жанабергеновна мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Ақ жол» Қызбалаева Лаура Жанабергеновнадан мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге сот шығындары өндірілсін.

Шешімге наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья: Г.М.Тажиева

Шешім түпкілікті нысанда 31 мамыр 2024 жылы шығарылған.

Судья: Г.М.Тажиева

Құжатқа қол қойылған: Тажиева Г. М., 31.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.07.2024, судья Ажакаева Г. К., 04.07.2024